**Ырғыз ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 13 желтоқсандағы № 308 "Ырғыз ауданы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Ақтөбе облысы Ырғыз ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 22 қазандағы № 221 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 14 қарашада № 4073 болып тіркелді. Күші жойылды – Ақтөбе облысы Ырғыз ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 08 желтоқсандағы № 293 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ырғыз ауданы әкімдігінің 08.12.2014 № 293 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Заңының 31 бабына сәйкес Ырғыз ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ырғыз ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 13 желтоқсандағы № 308 "Ырғыз ауданы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы" қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3724 болып тіркелген, "Ырғыз" газетінде 2014 жылғы 9 қаңтарда жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

қаулының кіріспесі келесідей жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі " Білім туралы" Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 28 мамырдағы № 488 "Балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтамасыз ету жөніндегі 2010-2020 жылдарға арналған "Балапан" бағдарламасын бекіту туралы" қаулысына сәйкес Ырғыз ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:"**;

аталған қаулының 2 қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

аталған қаулының 3 қосымшасының орыс тіліндегі мәтіні бойынша "размер родительская плата" сөзі "размер родительской платы" сөзімен ауыстырылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А. Шахинге жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

| | |
|---|---|
| Аудан әкімі | М. ДУАНБЕКОВ |

| | |
|---|---|
| | Аудан әкімдігінің 2014 жылғы 22 қазандағы № 221 қаулысына қосымша |

# Бір айдағы жан басына шаққандағы қаржыландыру көлемі

| Бір тәрбиеленушіге жұмсалатын шығыстардың орташа құны (теңге) | Мектепке дейінгі ұйымдар | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Балабақшалар (бөбек балабақша, орталықтар) | | | | | | | | | |
| | Сұйық отынмен жылыту | | | | | Қатты отынмен жылыту | | | | |
| | 1-ден 3-ке дейін топтар | 4-тен 5-ке дейін топтар | 6-дан 7-ге дейін топтар | 8-ден 9-ға дейін топтар | 10-нан және одан артық топтар | 1-ден 3-ке дейін топтар | 4-тен 5-ке дейін топтар | 6-дан 7-ге дейін топтар | 8-ден 9-ға дейін топтар | 10-нан және одан артық топтар |
| | Экологиялық апат аумақтарында тұрғаны үшін коэффицентін есепке алғанда 1,2 | | | | | | | | | |
| | Ауылдық жерде | | | | | | | | | |
| | | 25400 | 25400 | | | 28050 | | | | |
| | Қалалық жерде | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |

кестенің жалғасы

| Бір тәрбиеленушіге жұмсалатын шығыстардың орташа құны (теңге) | Мектепке дейінгі ұйымдар | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балабақшалар (бөбек балабақша, орталықтар) | | | | |
| | Электрлік тоқпен, газбен және орталықтандырылған жылу жүйесімен жылыту | | | | |
| | 1-ден 3-ке дейін топтар | 4-тен 5-ке дейін топтар | 6-дан 7-ге дейін топтар | 8-ден 9-ға дейін топтар | 10-нан және одан артық топтар |
| | Экологиялық апат аумақтарында тұрғаны үшін коэффицентін есепке алғанда 1,2 | | | | |
| | Ауылдық жерде | | | | |
| | 28050 | | | | |
| | Қалалық жерде | | | | |
| | | | | | |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК